

D147 – «Көлік қызметтері» білім беру бағдарламасы тобының

8D11301 – «Көлік қызметтері» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған **Нуржаубаев Мейрам Махановичтің** «Экономикалық және технологиялық критерийлер бойынша вагон ағындарының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензент Азаматтық Авиация Академиясы, «Әуе тасымалдарын ұйымдастыру және логистика» кафедрасының қауымдастырылған профессоры **Муратбекова Гульжан Валиевнаның**

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес («Энергия, алдыңғы қатарлы материалдар және көлік») келеді.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс келесі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес орындалды:</p> <p>– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №1116 қаулысымен бекітілген «Көлік-логистикалық әлеуетін дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасына»;</p> <p>– Біріккен Ұлттар Ұйымы бекіткен Тұрақты даму мақсаттарына сәйкес ТДМ 9 (Индустрия, инновациялар және инфрақұрылым), ТДМ 11 (Тұрақты қалалар мен елді мекендер) ТДМ 12 (Жауапты тұтыну және өндіріс) ТДМ 13 (Климаттың өзгеруіне қарсы күрес).</p> <p>– 2025-2027 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы ғылымның басым бағыты: «Энергия, алдыңғы қатарлы материалдар және көлік».</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын Жас ғалым 2025-2027 жылдарға арналған жобасының негізінде АР25795671 «Көліктік тапсырмалардың көп өлшемділігін ескере отырып, Қазақстан темір жолдар желісіндегі вагон ағындарын ұйымдастыру әдістемесін әзірлеу» тақырыбы негізінде орындалған.</p> <p>2) Диссертация «Энергия, алдыңғы қатарлы материалдар және көлік» Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы</p>

			Жоғары ғылымтехникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның <u>маңыздылығы</u> ашылған/ашылмаған.	Диссертацияда вагон ағындарын ұйымдастырудың жаңа экономикалық-технологиялық моделі әзірленген. Автор вагондарды жинақтау параметрлерінің, вагон ағындарының біркелкі еместігінің және пойыздарды жөнелту режимінің өзара әсерін кешенді түрде зерттеген. Диссертациядағы «Рейстік модель» математикалық модельдегі жинақтау үдерісіне сипаттама (3.7-3.10 формулалар) алғаш рет ұсынылып отыр. Сонымен қатар, вагон-сағат шығындарын есептеудің кешенді әдістемесі (3.17-3.29 формулалар) әзірленген. Кешенді әдістеме: жинақталған құрамның тоқтап қалуын, келіп түсетін топтар құрамындағы вагондардың тоқтап қалуын, вагондар қалдығының тоқтап қалуын біріктіре отырып, шығындардың нақты көрінісін береді. Алынған нәтижелер теміржол көлігіндегі вагон айналымын жеделдету, пайдалану шығындарын төмендету және тасымалдау үдерісінің тұрақтылығын арттыру мәселелерін шешуге бағытталған. Бұл жұмыс көлік саласындағы ғылыми білімді толықтырып, практикалық қолдануға бағытталған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Диссертациялық жұмыста автордың жеке ғылыми көзқарасы мен мәселені шешу жолдары айқын көрінеді. Зерттеу құрылымы жүйелі құрылған: теориялық талдау (1-бөлім), тәжірибелік деректерді талдау және қуаттылықты есептеу (2-бөлім), «Рейстік модельді» әзірлеу және экономикалық есептеулер (3-бөлім) өзара тығыз байланысқан. Вагон ағындарын ұйымдастырудың «Рейстік моделі», вагондарды жинақтау процесінің математикалық сипаттамасы, құрамның ең төменгі рұқсат етілген мөлшерін есептеу әдістемесі – автордың төл ізденістерінің нәтижесі. Алынған деректердің дәйектілігі, есептеулер мен талдау нәтижелерінің нақты деректермен сәйкестігі, сондай-ақ ғылыми жарияланымдардың (Scopus – 2, ҚР ҒЖБМ – 3) болуы жұмыстың толықтай дербес

			орындалғанын дәлелдейді. Жалпы алғанда, бұл еңбек автордың жоғары теориялық дайындығы мен практикалық біліктілігін толық көрсетеді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияда қазіргі таңда теміржол көлігіне қойылатын талаптардың едәуір артқаны нақты көрсетілген. 2025 жылы Қазақстан теміржолдарымен 466,7 млн тонна жүк тасымалданған (6,8%-ға артқан), жүк айналымы 361,2 млрд т-км. құраған (10,2%-ға өскен). Вагон ағындарының біркелкі түспеуі, пойыздардың кешігуі (2025 жылы 159 пойыз кешіктіріліп жөнелтілген, жалпы кешігу уақыты 1099,1 сағат), инфрақұрылымның шектеулілігі мәселелері өзекті мәселе ретінде орынды көрсетілген. Дәстүрлі жинақтау әдістерінің вагон ағындарының біркелкі еместігі жағдайында тиімсіздігі, сондай-ақ пойыздарды құрастырудың жеткіліксіз тұрақтылығы өзекті мәселе ретінде дәлелденген. Осыған байланысты, «Рейстік модельді» және экономикалық-технологиялық критерийлерді біріктіру арқылы вагон ағындарын ұйымдастыру тиімділігін арттыруға бағытталған бұл зерттеу заман талабына толық сай келеді және ғылыми-практикалық маңызы жоғары.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) <u>айқындайды</u> ; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертацияның құрылымы мен қарастырылған ғылыми мәселелер зерттеу тақырыбын толық ашады. 1-бөлімде вагон ағындарының теориялық негіздері, жіктелуі, ұйымдастыру әдістері қарастырылған. 2-бөлімде «ҚТЖ» ҰК» АҚ тәжірибесі, Алматы-1 станциясының көрсеткіштері (вагон айналымы 3,22 тәулік, техникалық станцияда тұру 7,09 сағат), кешігу себептері және қуаттылық есептеулері келтірілген. 3-бөлімде «Рейстік модель», оның математикалық сипаттамасы, құрамның ең төменгі рұқсат етілген мөлшерін есептеу және пайдалану шығындарын есептеу әдістемелері ұсынылған. Алынған нәтижелер диссертация тақырыбына тікелей сәйкес келеді және оның мазмұнын нақты айқындайды.

	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	<p>Жұмыстың мақсаты – пайдалану шығындарын төмендетуді қамтамасыз ететін вагондарды жинақтау, пойыздарды құрастыру және жөнелту үдерістерінің технологиялық үйлесімділігі негізінде вагон ағындарды тиімді ұйымдастыру бойынша ғылыми-әдістемелік негіздер мен шешімдерді әзірлеу. Қойылған 7 міндет (теориялық тәсілдерді талдау, қазіргі жағдайды зерттеу, тәуелділіктерді рәсімдеу, модель әзірлеу, «Рейстік модельді» негіздеу, үдерістерді үйлестіру нұсқасын әзірлеу, сынақтан өткізу) диссертация бөлімдерінде толығымен орындалған. Мақсаты, міндеттері, зерттеу нысаны мен пәні, сондай-ақ ғылыми жаңалығы диссертация тақырыбымен толық мазмұндық үйлесімде берілген.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>толық байланысқан;</u> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ. 	<p>Диссертация бөлімдері өзара толық логикалық байланыста құрылған. Теориялық негіздерден бастап (1-бөлім), проблемаларды диагностикалау (2-бөлім), «Рейстік модельді» ұсыну және есептеулер (3-бөлім) және қорытындыларға дейінгі ғылыми бірізділік сақталған. 2-бөлімде анықталған пойыздардың кешігуі мен вагондардың тоқтап қалуы 3-бөлімде «Рейстік модель» арқылы шешімін тапқан. 1-бөлімде келтірілген жинақтау параметрін есептеу формулалары 3-бөлімде «Рейстік модель» жағдайына бейімделген. Бөлімдер мазмұны зерттеу мақсатына толық сәйкес келеді.</p>
	<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>сыни талдау бар;</u> 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ. 	<p>Диссертацияда ұсынылған жаңа шешімдер («Рейстік модель», вагон-сағат шығындарын есептеу әдістемесі, вагондар қалдығын есептеу формулалары) сандық есептеулер және нақты деректермен толық дәлелденген. Автор ұсынған тәсілдердің тиімділігі мен басымдығы дәстүрлі жинақтау әдісімен салыстыру арқылы нақты көрсетілген. Есептеулер көрсеткендей, «Рейстік модельді» енгізу вагон-сағат шығындарының 30%-ға дейін қысқаруына мүмкіндік береді. 1.5-тармақта классикалық әдістер (Васильев, Петров, Бернгард) және заманауи зерттеулер (Liag M.A., Маловецкая Е.В., Подорин А.А., Джумаев С.) талданған. Зерттеу</p>

			нәтижелеріне берілген сыни талдау олардың практикалық құндылығы мен жоғары сапасын растайды.
5.	Ғылыми принципі жаңашылдық	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда алынған ғылыми нәтижелер мен тұжырымдар тұтастығымен ерекшеленеді. Вагондарды жинақтау параметрлерінің, вагон ағындарының біркелкі еместігінің және пойыздарды жөнелту режимінің өзара әсері алғаш рет кешенді түрде зерттелген. «Рейстік модель» жағдайындағы жинақтау процесінің математикалық сипаттамасы авторлық үлес болып табылады. Вагондар қалдығын есептеудің эмпирикалық формулалары жаңа.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертация қорытындыларында «Рейстік модель» кезіндегі вагон-сағат шығындарын есептеудің кешенді әдістемесі, жинақтау параметрінің өзгеру заңдылықтары, кесте тізбектері бойынша жөнелту кезіндегі «есептік» және «шектеу» уақыттарын салыстыру әдістемесі алғаш рет ұсынылған. Қорытындылар ғылыми жаңалықпен және қорғауға ұсынылған ережелермен тікелей байланысты.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Зерттеу барысында әзірленген техникалық және технологиялық тәсілдер («Рейстік модель» кезіндегі құрамның ең төменгі рұқсат етілген мөлшерін есептеу әдістемесі, вагондар қалдығын есептеу формулалары, пайдалану шығындарын есептеудің кешенді әдістемесі) сипатымен ерекшеленеді және ғылыми тұрғыдан жан-жақты негізделген. Ұсынылған шешімдердің тиімділігі нақты есептік талдаулар мен Алматы-1 станциясының деректері арқылы толық дәлелденген.
6.	Негізгі негізділігі қорытындылардың	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (квалитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациядағы барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәлелдемелерге негізделген. Олардың негізділігі теориялық талдау, нақты деректерді талдау, математикалық модельдеу және салыстырмалы зерттеу арқылы қамтамасыз етілген. Қорытындылардың нақты есептік деректермен расталуы олардың сенімділігі мен ғылыми құндылығын айқын көрсетеді.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) <u>тар</u>;</p> <p>2) <u>орташа</u>;</p> <p>3) <u>кең</u>;</p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>ия</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>;</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>Қорғауға ұсынылған бес ғылыми ереже диссертацияның негізгі нәтижелерін қамтиды және зерттеу мазмұнымен толық үйлеседі. Бұл ережелер вагондарды жинақтау параметрлерінің, вагон ағындарының біркелкі еместігінің және пойыздарды жөнелту режимінің өзара әсерін, «Рейстік модель» жағдайындағы жинақтау процесінің математикалық сипаттамасын, кешігулердің әсерін болжамды бағалауды, вагондарды жинақтау үдерісін зерттеу нәтижелерін, сондай-ақ «Рейстік модель» бойынша вагондарды жинақтау мен жөнелтуді ұйымдастыру әдісін қамтиды. Әрбір ереже диссертацияда нақты тұжырымдалған және теориялық талдау, сандық есептеулер мен нақты деректермен дәлелденген. Олар тривиалды емес, ғылыми жаңалыққа ие және бұрын белгілі тәсілдерді қайталау болып табылмайды. Ұсынылған ережелердің қолдану деңгейі орташа деп бағаланады, себебі олар теміржол станцияларында пойыздарды құрастыру жоспарын түзету үшін қолданылуы мүмкін, алайда кең ауқымды енгізу қосымша зерттеулерді талап етеді. Ережелердің негізділігі ғылыми мақалаларда (Scopus – 2, ҚР ҒЖБМ – 3) жарияланып, апробациядан өтуі арқылы расталған.</p>
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) <u>ия</u>;</p>	<p>Диссертацияда зерттеу әдістемесі нақты сипатталған және қойылған мақсат пен міндеттерге толық сәйкес негізделген. Жұмыста жүйелік талдау, ретроспективті шолу, құрылымдық-</p>

	2) жоқ.	функционалды талдау, критериалды талдау, салыстырмалы талдау, тәжірибелік деректерді талдау әдістері қолданылған. Таңдалған әдістер зерттеу міндеттерін шешуге жеткілікті әрі қисынды түрде дәйектелген.
	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ.	Зерттеу нәтижелері заманауи ғылыми әдістерді қолдану арқылы алынған. Диссертацияда математикалық модельдеу, статистикалық талдау, салыстырмалы талдау және қуаттылықты есептеу әдістері кеңінен пайдаланылған. Бұл диссертацияда ғылыми зерттеудің қазіргі заманғы әдістері толыққанды қолданылғанын көрсетеді.
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияда алынған теориялық тұжырымдар мен әзірленген сандық модельдердің дұрыстығы Алматы-1 станциясының нақты деректерімен тексерілген. Келтірілген вагон айналымы, техникалық станцияда тұру уақыты, кешігулер туралы мәліметтер «Рейстік модельдің» параметрлерін нақтылауға негіз болған. «Рейстік модель» бойынша есептеулер нақты вагон ағынының мәндеріне сүйенеді. Бұл теориялық қорытындылар мен анықталған заңдылықтардың сенімділігін дәлелдейді.
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациядағы негізгі ғылыми тұжырымдар мен қорғауға ұсынылған ережелер отандық және шетелдік беделді ғылыми еңбектерге сүйене отырып негізделген. Әдебиеттер тізімі 122 дереккөзден тұрады, оның ішінде классикалық еңбектер (Акулов, Ковалев, Сотников), заманауи зерттеулер (Бородин, Козаченко, Маловецкая), халықаралық басылымдар (Hansen, Pacht, Chen, Zhou) және ҚТЖ нормативтік құжаттары бар. Бұл диссертациядағы маңызды ғылыми мәлімдемелердің нақты, дәйекті және сенімді әдеби базаға негізделгенін көрсетеді.
	8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Әдеби шолу зерттеу тақырыбына сәйкес жүйелі түрде құрылған және вагон ағындарының теориялық негіздерін,

			пойыздарды құрастыру жоспарын есептеу әдістерін, «рейстік модельді» және экономикалық тиімділікті бағалау әдістемелерін қамтиды. Пайдалынған дереккөздер зерттеу тақырыбын толық қамтиды. Жалпы алғанда, пайдаланылған әдебиеттер тізімі зерттеу міндеттерін негіздеуге және ғылыми тұжырымдарды дәлелдеуге жеткілікті.
9	Практикалық қағидаты құндылық	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) <u>бар</u> ; 2) жоқ.	Диссертацияда вагон ағындарын ұйымдастырудың экономикалық-технологиялық моделі әзірленген. «Рейстік модель» жағдайындағы жинақтау процесінің математикалық сипаттамасы ұсынылған. Жинақтау параметрінің өзгеру заңдылықтары анықталған. Кесте тізбектері бойынша жөнелту кезіндегі «есептік» және «шектеу» уақыттарын салыстыру әдістемесі ұсынылған.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>ия</u> ; 2) жоқ.	Зерттеу нәтижелері нақты инженерлік міндеттерді шешуге бағытталған және тәжірибелік мәнге ие. Алматы-1 станциясы үшін вагон-сағат шығындарының 30%-ға дейін қысқаруы есептелген. «Рейстік модельді» енгізу бойынша ұсынымдар берілген. Нәтижелер «ҚТЖ» ҰК» АҚ станцияларында пойыздарды құрастыру жоспарын түзету үшін тікелей қолданыла алады. Практикалық маңыздылығы ғылыми жарияланымдар арқылы қосымша расталған.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертацияда ұсынылған практикалық ұсыныстар ғылыми нәтижелерге негізделген және ішінара жаңа сипатқа ие. Жаңа болып табылатындар: «Рейстік модель» кезінде құрамның ең төменгі рұқсат етілген мөлшерін есептеу әдістемесі, вагондардың қалдығын есептеу формулалары. Ішінара белгілі: жинақтау параметрінің тағайындаулар санына тәуелділігі – бейімделген. Ұсыныстар дәстүрлі тәсілдерді қайталаумен шектелмейді, «рейстік модельдің» мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленген.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа;	Диссертация ғылыми стиль талаптарына сай ресімделген, құрылымы жүйелі және мазмұны логикалық бірізділікпен баяндалған. Зерттеудің мақсаты, міндеттері, ғылыми

		3) орташадан төмен; 4) төмен.	жаңалығы, әдістемесі, қорғауға ұсынылған ережелер мен қорытындылары өзара үйлесімді түрде берілген. Арнайы ғылыми терминология орынды және тұрақты қолданылған. Жалпы алғанда, жұмыстың академиялық жазу деңгейі жоғары деп бағаланады.
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертацияда редакциялық және рәсімдеу сипатына ие келесі ескертулер бар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 3.7 және 3.8 формулаларда келтірілген математикалық белгілердің мағынасы толық ашылмаған, бұл оқырманға формуланы түсінуді қиындатады. Формулаларға қосымша түсініктеме беру ұсынылады. 2.6-кесте бет бөлінуіне байланысты екіге үзіліп кеткен. Келешекте мұндай кестелерді бір парақта (альбомдық бағдарда) орналастырған дұрыс. «Тастанды пойыздар» терминінің нақты анықтамасы берілмеген. Бұл терминнің мазмұнын (пойыздардың 24 сағат немесе одан да көп уақыт бойы локомотивсіз қалуы) анықтама ретінде келтіру ұсынылады. Кейбір кестелерде (2.4, 2.5) өлшем бірліктерінің жазылуында бірізділік сақталмаған. Өлшем бірліктерін біріңғай стильде көрсету ұсынылады. 2.22-суреттегі графиктегі кейбір сандық мәндердің шрифті ұсақ, оқуға қолайсыз. Графиктерді рәсімдеуде шрифт өлшемін бірізді ету ұсынылады. Әдебиеттер тізіміндегі кейбір дереккөздердің DOI коды көрсетілмеген. Халықаралық стандарттарға сәйкес DOI кодын көрсету ұсынылады. <p>Аталған ескертулер негізінен редакциялық және рәсімдеу сипатында болып табылады және диссертацияның ғылыми мазмұнына, алынған нәтижелердің жаңалығы мен дәлдігіне әсер етпейді.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша	Жоғары	Докторанттың диссертация тақырыбы бойынша жарияланымдары жоғары ғылыми деңгейді көрсетеді. Scopus

	ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		дерекқорының рецензияланатын ғылыми басылымында 2 мақала, ҚР ҒЖБМ ұсынған басылымдарда 3 мақала жарық көрген. Барлық жарияланымдар диссертацияның негізгі нәтижелерін қамтиды және зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді. Бұл алынған нәтижелердің ғылыми қауымдастық тарапынан танылғанын көрсетеді.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)	Қорғауға ұсынылады	Диссертациялық жұмыс – «Экономикалық және технологиялық критерийлер бойынша вагон ағындарының тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ету» тақырыбында жазылған, толықтай аяқталған ғылыми жұмыс болып есептеледі. Жұмыс мазмұны, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылыми дәрежелерді беру қағидаларының талаптарына сәйкес келеді. Осыған байланысты диссертация авторы Нуржаубаев Мейрам Маханович 8D11301 – «Көлік қызметтері» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеледі.

Азаматтық Авиация Академиясы,
«Әуе тасымалдарын ұйымдастыру және логистика»
кафедрасының қауымдастырылған профессоры



Г.В. Муратбекова